

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. European Commission. Erasmus+ Annual Report 2023. Brussels: Publications Office of the European Union, 2023. 156 p.
2. National Erasmus+ Office in Kazakhstan. Monitoring Report on Erasmus+ Implementation in Kazakhstan (2015-2023). Astana, 2023. 98 p.
3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. - Астана: ҚР БҒМ, 2020. - 120 б.
4. Болон үдерісі: негізгі қағидаттар мен құжаттар / ҚР БҒМ. - Астана: Ұлттық тарату бюросы, 2018. - 87 б.
5. Clarivate Analytics. Research Performance Indicators of Central Asian Universities 2022. - London: Clarivate Analytics, 2022. - 64 p.
6. Erasmus+ Programme Guide. - Luxembourg: Publications Office of the European Union, 2023. - 390 p.
7. Венгеров Ю. В. Международное образовательное сотрудничество: тенденции и перспективы. - Алматы: Қазақ университеті, 2021. - 214 с.
8. Жұмабаев А. Жоғары білімді интернационалдандырудың теориялық негіздері. - Астана: Фолиант, 2020. - 256 б.

ПАРАҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСТІҢ ҮЛГІСІ: ЛИ КУАН Ю

Шәкен Н.Н.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы, тарих магистрі Аймахов Е.Н.
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университеті
nursezimmurlanvna@gmail.com
Қарағанды қ.

*"Біз үнемі әлемнің қай бағытқа бет алғанын
бақылап отыруымыз керек. Егер біз бейімделе алмасақ,
бізді таптап өтеді."*

Ли Куан Ю

Коррупцияға қарсы күресті ұзақ жылдар бойы тек қағаз жүзінде жүргізіп келген елдерге қарағанда, Сингапурдың тарихы мүлдем басқа жолды көрсетті. Бұл жолдың түп негізінде Ли Куан Юдың батыл саяси ерік-жігері, нақты іс-қимылға негізделген мемлекеттік басқару мәдениеті және «таза қоғам - мықты мемлекет» ұстанымы тұрды. Ол жемқорлықты тек қылмыс емес, ұлттың болашағын ұрлайтын қауіп, қоғамның моральдық негізін әлсірететін індет ретінде бағалады. Сондықтан Ли Куан Ю реформаларды ең алдымен жоғары лауазымды шенеуніктерден бастап, заңды барлығына бірдей қолдану, мемлекеттік қызметтегі табыс пен өмір салтының ашықтығын қамтамасыз ету, парақорлық фактілеріне жедел әрі қатаң жауап беру сияқты шараларды жүйелі түрде енгізді.

Тәуелсіздік алғаннан кейін Ли Куан Ю елді түбегейлі өзгертуге кірісті. Ең алдымен жемқорлықты жойды. Мемлекеттік қызметкерлердің жалақысын жеке сектордағы басшылар деңгейіне жеткізіп, парақорлық үшін аса ауыр жауапкершілік енгізді. Бұл саясат нәтижесінде Сингапур әлемдегі ең таза әрі адал мемлекеттік аппаратқа ие елге айналды. Ол инвестиция тартуды ұлттық дамудың басты тетігі деп санады.

Сингапурды қауіпсіз, заң үстемдігі күшті, тұрақты мемлекетке айналдыру арқылы әлемдік компаниялар үшін ең тартымды орталыққа айналдырды. Дианна Сэв және басқа да зерттеушілер атап өткендей, елдегі тәртіп, жемқорлықтың жоқтығы және тиімді басқару шетелдік капиталдың ағылуына басты себеп болды. Ли Куан Ю адам капиталына ерекше мән берді. «Біздің ең маңызды ресурсымыз - адамдарымыз» деген сөзі оның саясатының өзегіне айналды. Ол ең қабілетті жастарға стипендия беріп, әлемнің үздік университеттеріне жіберіп, кейін оларды мемлекеттік қызметке тартты. Осылайша меритократия - қабілет пен еңбегіне қарай өсу - Сингапур қоғамының негізгі қағидасына айналды. Сонымен қатар қатаң, бірақ тиімді басқару моделі қалыптасты. Батыстағы еркін демократияны ол азиялық қоғамға дәл сол күйінде көшіру дұрыс емес деп санады. Сондықтан тәртіпті, қауіпсіздікті және қоғамдық тұрақтылықты бірінші орынға қойды.

1965 жылы кішкентай ғана арал болған, табиғи ресурстары мүлдем жоқ және этностық жанжалдарға толы Сингапур елінің болашағы бұлыңғыр болатын. Ал бүгінде бұл мемлекет- әлемдегі ең бай әрі қауіпсіз және ең дамыған елдердің қатарында. Бұл феноменнің басты суретшісі- Сингапурдың тұңғыш премьер-министрі Ли Куан Ю еді. Оның 31 жылдық (1959-1990жж) басшылығы Сингапурды «Үшінші әлемнен бірінші әлемге» секіріс жасауға мәжбүрлеген радикалды, бірақ тиімді реформалар дәуірі болды. Ли Куан Ю өзінің негізгі еңбегі- «Үшінші әлемнен, бірінші әлемге: Сингапур оқиғасы, 1965-2000»[2] кітабында бұл кезеңдегі елдің қиындықтары мен саяси күрестерін толық баяндаған. Оның мұрасының негізгі идеясы- коррупциясыз мемлекет құру қағидасына негізделген.

Бұрынғы БҰҰ бас хатшысы Кофи Аннанның айтуынша, Сингапур- «үшінші әлемнен бірінші әлемге көтерілген жалғыз мемлекет»[1] еді. Бұл факт әлемдегі барлық дамушы елдердің арманына айналған. Дәл осыны Дүниежүзілік банк те растайды: Сингапур - Азиядағы Жапониядан кейінгі екінші ел, «алтын миллиардқа», яғни ең бай елдер қатарына енген.

Ли Куан Ю басшылығының ең басты жетістігі: мемлекеттегі жемқорлықты түбірімен жою болды. Ол сыбайлас жемқорлықты ұлттық қауіпсіздікке төнген ең үлкен қатер деп бағалады. Жемқорлыққа Қарсы Тәуелсіз Тергеу Бюросы құрылды, оған жоғары лауазымды тұлғаларға қатысты істерді тергеуге толық мүмкіндік берілді.[2]. Бұл туралы Грэм Аллисон мен Роберт Д. Блэкуиллдің «Ли Куан Ю: қалай басқару керек» кітабында екең текжейлі айтылған. Жалпы елдегі қатаңдық Ли Куан Ю - дің ең басты ұстанымымен көрініс табады: «Егер сіз жемқорлықты жеңуді қаласаңыз, ең жақын достарыңыз бен туыстарыңыздан бас тартуға дайын болыңыз. Сонда ғана сіз жеңесіз»[2]. Жемқорлықтың алдын алудың тағы бір стратегиялық құралдарының бірі - мемлекеттік қызметкерлердің еңбекақысын жеке сектордағы жоғары басшылардың еңбекақысымен теңестіру болды. Жоғары еңбекақы мен қатаң жаза арасындағы үйлесім жемқорлыққа жол бермеудің басты негізіне айналды [3].

1959 жылы Сингапур «өзін-өзі басқаратын мемлекет» мәртебесін алып, ПНД (Халықтық әрекет партиясы) сайлауда жеңіске жеткенде, Ли Куан Ю алғаш рет премьер-министр болды.[1, 9-10 б.] 1965 жылы Малайзия құрамынан шыққаннан кейін жас қала-мемлекет экономикалық жағынан да, саяси-әлеуметтік тұрғыдан да өте әлсіз жағдайда еді: жұмыссыздық жоғары, этносаралық қақтығыстар жиі, инфрақұрылым дамымаған, ал мемлекеттік аппаратты коррупция жайлаған. Полиция, кеден, порт, лицензия беру органдары «парасыз іс бітпейтін» мекеме ретінде танылды.[5]

Британ отарлық әкімшілігі 1937 жылдан бастап коррупцияға қарсы заң қабылдап, полиция құрамында Anti-Corruption Branch (Жемқорлыққа қарсы бөлім) құрғанымен, бұл құрылым жемқорлықты тежеуге қабілетсіз екенін көрсетті. [9] 1951 жылғы опиумды тонау ісіне полицейлердің өздері араласқаны, ал жазаның өте жұмсақ болуы қоғамдағы сенімді одан әрі әлсіретті.[9] Осы дағдарыс нәтижесінде 1952 жылы арнайы тәуелсіз құрылым - Corrupt Practices Investigation Bureau (CPIB) (Жемқорлыққа қарсы тергеу бюросы) - Коррупциялық тәжірибелерді тергеу бюросы құрылды. Алайда нақты бетбұрыс Ли Куан Ю үкіметі келгеннен кейін ғана басталды: коррупциямен күрес «мемлекеттің тірі қалу стратегиясының» кілті ретінде қаралды.[10]

Ли Куан Ю өзінің идеологиялық доктринадан гөрі, тәжірибеге сүйенген прагматик ретінде сипаттайды. Ол үшін негізгі өлшем - «жұмыс істей ме, жоқ па» деген сұрақ.[1] Оның ойынша, ресурсы жоқ шағын қала-мемлекет үшін жалғыз жол - интеллект, тәртіп және ұйымдасқандық арқылы бәсекелестерінен озып түсу: «үшінші әлемнен бірінші әлемге» секіріс жасау.[1, 42-49 б.; 3, 257-258 б.] Ли өз дүниетанымын конфуцийшіл құндылықтармен байланыстырады: адам отбасынан, қоғамнан тыс өмір сүрмейді; мемлекет те «отбасы орнына» өтпеуі керек, бірақ тәртіпті сақтайтын, әділ әрі қатал төреші болуға тиіс.[6] Ли Куан Ю - дің ойынша, тиімді демократия толеранттылық пен өзара бейімделуге негізделген саяси мәдениетке сүйенгенде ғана жұмыс істейді; тарихында азаматтық қақтығыстар басым елдерде «классикалық» либералдық модель механикалық түрде көшірілсе, бұл күйреуге әкелуі мүмкін.[6]

Коррупция Ли үшін жекелеген қылмыс емес, қоғамның моральдық құлдырауының көрінісі. Қытай мен Вьетнамдағы жағдайды талдай отырып, ол «революциялық адалдық» идеалдарының бұзылып, фаворитизм мен кумовствоның орныққанын, оның нәтижесінде қоғамның бүкіл құрылымы деградацияға ұшырағанын атап өтеді.[4] Осы салыстырулар Сингапур үшін «коррупцияға нөлдік төзімділік» стратегиясын таңдаудың қаншалықты саналы шешім болғанын көрсетеді.

Коррупциясыз мемлекет құру жолында басты қадамдардың бірі - шынымен тәуелсіз әрі өкілетті антикоррупциялық орган құру болды. CPIB 1952 жылы құрылғанымен, оның толық әлеуеті жаңа үкімет тұсында ғана іске қосылды. Бюро 1960 жылғы Prevention of Corruption Act (PCA) - Коррупцияның алдын алу туралы заң негізінде жұмыс істейді, ал 1969 жылдан бастап Премьер-

министр кеңсесінің қарауында, бірақ функционалды тұрғыдан тәуелсіз орган ретінде әрекет етеді.[9; 10]

РСА СРІВ-ке кең өкілеттіктер береді: мемлекеттік те, жекеменшік сектордағы кез келген тұлғаның пара алу-беру фактісін тергеуге, құжаттарды тәркілеуге, мүлікті бұғаттауға, куәгерлерді шақыртып, жауап алуға құқық береді. Заң бойынша коррупциялық әрекет үшін ірі айыппұл мен бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалады, ал мемлекеттік қызметкер пара алса, оның әрекеті автоматты түрде коррупциялық деп болжанады - кінәсіздігін дәлелдеуді өзі мойнына алады.[10]

The Steppе басылымы атап өткендей, Ли Куан Ю СРІВ-ті (Жемқорлыққа қарсы тергеу бюросы) формалды түрде ғана емес, саяси тәжірибеде де «ешкімге жалтақтамайтын орган» етуге тырысты.[5] Бюро премьер-министрге тікелей бағынғанымен, оның тергеулері Ли-дің ескі серіктері мен жоғары лауазымды шенеуніктерді де айналып өтпеді. 1975 жылы қоршаған ортаны қорғау министрі Ве Тун Бун ірі көлемде пара алғаны үшін сотталып, түрмеге жабылды; Ли бұл істі өзінің жақын серігіне қатысты болса да, принциптік мәселе ретінде қарастырды.[5] 1990-жылдары Ли мен оның отбасының жылжымайтын мүлікке қатысты мәмілесіне байланысты да тергеу жүргізілді; ақырында ол заң бұзушылық болмағанын дәлелдеп шыққанымен, ең маңыздысы - жүйенің премьер-министрдің өзіне қатысты да тексеру жүргізе алатындығы еді.[5]

СРІВ-тің (Жемқорлыққа қарсы тергеу бюросы) тәуелсіздігі мен өкілеттіктері жөнінде қазіргі халықаралық құқықтық шолулар да жоғары баға береді: Бюро премьер-министрге тікелей есеп береді, ал қажет болған жағдайда оның директоры тергеу жүргізуге премьер-министр келісім бермесе, президентке тікелей жүгіну құқығына ие.[11]

Мемлекеттік қызмет пен саяси элитаны реформалау: меритократия және «қымбат» үкімет: Ли Куан Ю коррупциямен күрестің институционалды жақтарымен қатар, саяси және бюрократиялық элитаның сапасына ерекше мән берді. Оның әйгілі тұжырымдарының бірі - «арзан үкімет алғыңыз келсе, соған лайық «арзан» сапалы үкімет аласыз» деген тезисі; сондықтан да ол жоғары шенді шенеуніктер мен министрлердің жалақысын жеке сектордағы жалақыға барынша жақын деңгейге дейін көтеруді жақтады.[6; 12]

Сингапурдағы модельдің басты ерекшеліктерінің бірі - меритократиялық қағидаға негізделген кадрлық саясат пен жоғары кәсіби стандарттар.[3, 257 б.] ПНД-ның (Халықтық әрекет партиясы) ішкі жұмысы қатаң тәртіпке негізделді: болашақ саясаткерлер мен жоғары шенеуніктер жас кезінен іріктеліп, шетелде жақсы білім алып, мемлекеттік қызметте кезең-кезеңімен өсіп отырды. Этникалық, діни немесе әлеуметтік шығу тегіне қарамастан, негізгі өлшем - қабілет пен адалдық болды.

Сонымен қатар, Ли бюрократиялық рәсімдерді күрт жеңілдету арқылы «ұсақ коррупцияның» алғышарттарын жоюға тырысты. The Steppе мақаласында көрсетілгендей, кеден, лицензия, шекаралық бақылау және басқа да салаларда процедуралар жеңілдетіліп, ашық әрі стандартталған процестер енгізілді; нәтижесінде «жеделдету үшін пара беру» қажеттілігі азайды.[5] Коррупцияға қарсы стратегия тек жазалау мен бақылаудан ғана емес, сондай-ақ жүйені қарапайым әрі түсінікті ету арқылы пара алуға да, пара беруге де себеп қалдырмаудан тұрды.

Сингапурдың коррупцияға қарсы моделін түсіну үшін оның мәдени негізіне де назар аудару қажет. Гуревич Сингапурды «конфуцийшіл аралға» жатқыза отырып, конфуцийлік дәстүрдің экономикалық табыс пен саяси тұрақтылыққа ықпалын ерекше атап өтеді: тәртіп, еңбекқорлық, білімге деген құрмет, консенсус пен әлеуметтік үйлесімге ұмтылу елдің даму стратегиясымен табиғи түрде астасып кетті.[3, 258-259 б.]

Қоғамдық-мәдени негіздер: конфуцийшілдік, тәртіп және әлеуметтік келісім: Ли Куан Ю өзінің берген сұхбаттарында, жеке-жеке адамдардың емес, отбасы мен қауымның жауапкершілігін алға тартады: мемлекет отбасы орнына әлеуметтік қамқоршы болмауы керек, керісінше, азаматтардың өз міндетін орындауына жағдай жасайтын, тәртіпті күзететін институт болуы керек.[6] Мұндай көзқарас оның әлеуметтік саясатында да көрінді: кең ауқымды әлеуметтік жәрдемақылардан гөрі, жұмыспен қамту, қолжетімді, бірақ «тегін емес» білім мен медицина, міндетті жинақтаушы жүйелер (CPF) басым болды. Бұл тәсіл азаматты мемлекетке тәуелді етпей, керісінше, жауапкершілігін күшейтуге бағытталды.

Ли Куан Ю Қытай мен Вьетнамдағы коррупцияның себебін «революциялық моральдың» күйреуімен және «оппортунистердің» билікке келуімен байланыстырады.[4] Оның ойынша, принципсіз кадрлық саясат пен жазасыздық коррупцияны тек кеңейтеді. Сингапурда керісінше, жоғарыдан бастап төменге дейінгі деңгейде ешкімнің «ерекше мәртебесі» жоқ екенін көрсету маңызды болды: министр де, шенеунік те, қарапайым қызметкер де заң алдында бірдей.

Нәтижелер мен қайшылықтар: «таза» мемлекет және авторитаризм проблемасы:

Бүгінгі таңда Сингапур әлемдегі ең төмен коррупция деңгейі бар мемлекеттердің қатарына кіреді. Transparency International-дың 2023 жылғы Corruption Perceptions Index (CPI) индексінде Сингапур 180 елдің ішінде 5-орынды иеленіп, 83 балл жинады; ол - үздік ондықтағы жалғыз азиялық ел.[7] 2024 жылғы есепте Сингапур 84 баллмен 3-орынға көтеріліп, Азия-Тынық мұхиты аймағындағы ең таза мемлекет ретінде танылды.[8]

CPIB-тің өз деректері де елдегі коррупциялық қылмыстардың салыстырмалы түрде аз әрі бақылауда екенін көрсетеді; Бюроның тұрақты түрде жоғары айыптау және соттау көрсеткішін сақтап отырғаны, сондай-ақ халықтың сенім деңгейі бұл жүйенің тиімділігін дәлелдейді.[9; 10]

Дегенмен, Сингапур тәжірибесі сын-пікірлерден де ада емес. Э.М. Гуревич бұл модельді «авторитарлы-этатистік» жүйе деп сипаттайды: формалды түрде парламенттік демократия институттары сақталғанымен, билік ПНД төңірегінде жоғары деңгейде орталықтандырылған, оппозицияның саяси кеңістігі тар, БАҚ пен қоғамдық пікірге бақылау бар.[3, 257-258 б.] Сөз бостандығы мен саяси плюрализм шектеулі болғандықтан, бірқатар зерттеушілер «тазалықтың құны» демократиялық стандарттардың әлсіреуі болды деп есептейді.

Сонымен қатар, Сингапурдың шағын аумақ, салыстырмалы түрде аз халық, жоғары урбанизация сияқты ерекшеліктері бар; бұлардың барлығы коррупцияға қарсы жүйені енгізуді, мониторинг жүргізуді, мемлекеттік аппаратты қатаң бақылауда ұстауды айтарлықтай жеңілдетеді. Сондықтан да Ли Куан Юдың өзі «Сингапур моделін» басқа елдерге механикалық түрде көшіру мүмкін еместігін бірнеше рет айтқан.[1]

Қорытындылай келе, Ли Куан Ю жүзеге асырған реформалар әлемдік тарихта теңдесі жоқ құбылыс ретінде бағаланады. Табиғи ресурстары жоқ, тұрақсыз, қақтығыстарға толы шағын порт-қаланы - Сингапурды әлемдегі ең «таза», ең қауіпсіз әрі ең бәсекеге қабілетті мемлекеттердің біріне айналдыру тек экономикалық реформалардың нәтижесі емес, ең алдымен коррупцияға қарсы жүйелі, кешенді және ымырасыз саясаттың жемісі болды. Бұл модельдің табысты болуы - кездейсоқтық емес; оның артында саяси ерік, жеке үлгі, қоғамның моральдық трансформациясы, құқықтық жүйенің қаталдығы және жоғары кәсіби мемлекеттік аппарат жатыр.

Біріншіден, Ли Куан Ю коррупциямен күресті мемлекет құрылысының орталық өзегіне айналдырды. Ол үшін жемқорлық жай қоғамдық кесел емес, мемлекеттің тірі қалу мүмкіндігін жоятын қатер болды. Сондықтан да Ли басқаратын үкімет «нөлдік төзімділік» принципін теория жүзінде емес, практикада орнатты: ешкімге, ешқандай деңгейде жеңілдік жасалмады. Министр де, партия серігі де, премьер-министрдің өзі де заң алдында тең екенін көрсету - жүйеге деген қоғамдық сенімді қалыптастырудың шешуші факторы болды.

Екіншіден, Ли Куан Ю коррупциямен күресті тек жазалау арқылы емес, меритократиялық мемлекеттік аппарат қалыптастыру арқылы жүргізді. Жоғары жалақы, кәсіби іріктеу, дарынды жастарды ерте таңдап, жүйелі түрде тәрбиелеу - Сингапурдың «қымбат, бірақ таза» үкіметінің негізіне айналды. Бұл тәсіл әлемдік тәжірибеде сирек кездеседі, бірақ ол мемлекеттік қызметті жеке пайда табу алаңы емес, беделді, жауапты, жоғары мәртебелі миссияға айналдырды.

Үшіншіден, коррупцияға қарсы саясат институционалды негізге қойылды. CPIB-тің тәуелсіздігі, Prevention of Corruption Act сияқты заңдардың қаталдығы, тергеу органдарына берілген кең өкілеттіктер, мүлікті бұғаттау, кез келген шенеунікті тергеуге алу - бұл механизмдер Сингапурда «жүйелік паракорлықтың» болуына жол қалдырмады. Ықтимал қылмыскер үшін «пайда» мен «тәуекелдің» арақатынасы өміршең болудан қалды: пара алу экономикалық тұрғыдан да, жеке қауіпсіздік тұрғысынан да ақталмайтын әрекетке айналды.

Төртіншіден, коррупцияға қарсы модель Сингапурдың мәдени-психологиялық контекстіне де сүйенді. Конфуцийшілдікке тән еңбекқорлық, тәртіп, қоғам алдындағы жауапкершілік, келісім мәдениеті - Ли жүргізген реформалардың қоғам тарапынан қабылдануына мүмкіндік берді. Қатаң заңдар халыққа өздерін жазалау үшін емес, қорғау үшін қажет екеніне сендірді. Осылайша құқықтық жүйе мен қоғамдық мораль бір-бірін толықтырды.

Бесіншіден, Сингапур тәжірибесі халықаралық аренада да жоғары бағаға ие болды. Transparency International индексінде елдің жылдар бойы үздік ондыққа тұрақты енуі - реформалардың ұзақ мерзімді нәтижесінің айқын дәлелі. Коррупцияға қарсы күрестің тұрақтылығы мен институционалды мәдениетке айналуы бұл жүйені жеке тұлғаға емес, мемлекетке тәуелді процесс етті.

Сонымен бірге Сингапур моделіне қатысты сын да бар: саяси плюрализмнің шектеулілігі, оппозиция мүмкіндіктерінің аздығы, БАҚ-қа бақылау - «тазалықтың құны» деген пікір қалыптастырады. Бірақ бұл модельдің табысты болуы - авторитаризмнің арқасы емес; керісінше, дәл сол авторитарлық элементтердің өзі коррупцияға қарсы жүйені тез қалыптастыруға мүмкіндік берген

саяси құрал болды. Ли Куан Ю демократияны мүлдем жоққа шығарған жоқ, тек оны Сингапурдың тарихи-мәдени ерекшеліктеріне бейімдеді.

Ли Куан Ю Сингапурды өзгерткен адам ғана емес - коррупциямен күрестің әлемдік стандартын қайта анықтаған тарихи тұлға. Оның реформалары мемлекет құрудың жаңа парадигмасын ұсынды: аз ресурспен де, қиын жағдайда да, саяси батылдық пен принципшілдік болса, «таза мемлекет» - утопия емес, нақты жүзеге асатын жоба екенін дәлелдеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ли Куан Ю. Из третьего мира - в первый. История Сингапура (1965-2000). - М. : Манн, Иванов и Фербер, 2019. - 576 б.
2. Ли Куан Ю: отец сингапурского чуда. - Электронды нұсқа (PDF). - /mnt/data/li-kuan-yu-otets-singapurskogo-chuda.pdf.
3. Гуревич Э. М. Партия Народного действия Сингапура: 50 лет у власти // Политическое и экономическое развитие отдельных стран. - М., 2011. - С. 256-277.
4. Викентьев И. Л. Причины коррупции в Китае и Вьетнаме по мнению Ли Куан Ю // VIKENT.RU. - URL: <https://vikent.ru/enc/4244/> (қол жеткізілген күні: 24.11.2025).
5. Ли Куан Ю: человек, построивший Сингапур // The Steppe. - 16.09.2019. - URL: <https://the-steppe.com/gorod/li-kuan-yu-chelovek-postroivshiy-singapur> (қол жеткізілген күні: 24.11.2025).
6. LEE KUAN YEW. A man who never made a mistake // Qalam Global. - 11.08.2023. - URL: <https://qalam.global/en/articles/lee-kuan-yew-en> (қол жеткізілген күні: 24.11.2025).
7. Singapore Ranked 5th Least Corrupt Country in 2023 by Transparency International. - Corrupt Practices Investigation Bureau (CPIB) Press Release, 30.01.2024. - URL: <https://www.cpiib.gov.sg/press-room/press-releases/300124-ticpi2023/> (қол жеткізілген күні: 24.11.2025).
8. Transparency International. Singapore // Corruption Perceptions Index 2024 Country Data. - URL: <https://www.transparency.org/en/countries/singapore> (қол жеткізілген күні: 24.11.2025).
9. Corrupt Practices Investigation Bureau. Roles & Functions. - URL: <https://www.cpiib.gov.sg/who-we-are/our-work/roles-functions/> (қол жеткізілген күні: 24.11.2025).
10. Lim V. An Overview of Singapore's Anti-Corruption Strategy // Resource Material Series, No. 104. - Tokyo: UNAFEI, 2021. - 1-15-66.

ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ НА БЛИЖНЕМ И СРЕДНЕМ ВОСТОКЕ

Агадуллина Л. Журавлева П.

Научный руководитель: к.и.н., асс. профессор Тулеуова Б.Т.
Карагандинский национальный исследовательский университет
имени академика Е.А. Букетова
liliya180106@gmail.com polina.zhuravleva.12@mail.ru
г. Караганда

Участие международных организаций в поддержании стабильности на Ближнем и Среднем Востоке имеет прямое значение для внешней политики Казахстана. За последние годы Казахстан стал одним из немногих государств региона Центральной Азии, активно вовлечённых в глобальные процессы мирного урегулирования: страна участвовала в миротворческих миссиях ООН, организовала Астанинский процесс по Сирии и последовательно продвигает роль превентивной дипломатии. Нестабильность Ближнего Востока отражается на безопасности всего евразийского пространства, включая Центральную Азию, затрагивая такие сферы, как миграционные потоки, энергетическая безопасность, борьба с терроризмом и торгово-экономические связи. Понимание того, как работают международные механизмы в одном из самых конфликтных регионов мира, важно для Казахстана не только с точки зрения анализа внешней политики других стран, но и для осмысления собственных дипломатических возможностей и потенциала миротворческого участия. Тема становится особенно актуальной, поскольку международные организации сталкиваются с растущим кризисом эффективности. На фоне затяжных конфликтов - Сирии, Йемена, Ливана, Палестины - международные структуры оказываются вынуждены решать всё больше задач, но сталкиваются с ограничениями ресурсов, политическими разногласиями и моральной усталостью мирового сообщества.